

Адамдар жаппай келетін объектілердің иелерінің жауапкершілігін сақтандыру

Сауда және ойын-сауық кешендері, түнгі клубтар, фитнес-орталықтар, дүкендер, медициналық орталықтар және адамдар жаппай келетін өзге де объектілер өзіндік ерекше тіршілік ырғағымен өмір сүреді. Ерте таңертеңгі уақыттан қара кешке дейінгі мезгілде бұл жерлерде аяқ дыбысы тынбайды, есіктер ашылып-жабылады, витриналар жарқырайды, музыка мен күлкі естіледі. Күн сайын осы кеңістіктер арқылы мыңдаған адам— сатып алушылар, қызметкерлер, серіктестер, мердігерлер, пациенттер өтеді. Ал сырт көзге іскерлік қарқын болып көрінетін осы қозғалыстың артында осындай үдерістің барлық қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды әрі жауапты жұмыс жатыр.

Индустриялық ғимаратта оның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін көптеген факторлар болады. Оларға: су құбыры мен жылыту жүйелеріндегі апаттар, жабдықтардың істен шығуы, лифттер мен эскалаторлардың бұзылуы жатады. Алайда техногендік факторлардың ішіндегі ең қауіптісі — өрт. Бұл жөнінде қайғылы салдарымен көпшілікке белгілі бірқатар мысалдарды келтіруге болады.

Адамдар жаппай келетін объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өзге де тәуекелдерден қорғау – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады.

Сауда орталықтары, мейрамханалар, қонақ үйлер, спорттық және мәдени объектілер күн сайын жүздеген, кейде мыңдаған адамды қабылдайды. Осындай бизнес нысандарының әрбір иесі келушілердің қауіпсіздігі — заң талаптарын орындау ғана емес, нақты жауапкершілік екенін түсінеді, әсіресе өрт қаупі туралы сөз болғанда.



Индустриялық объектілерге келушілерді қорғау тәсілдерінің бірі — **адамдар жаппай келетін объектілер иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру болып табылады.**

«Виктория» СК» АҚ мемлекет қойған міндеттерді іске асыруға белсенді түрде

кірісіп, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін адамдар жаппай келетін объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бағдарламасын әзірледі.

Аталған бағдарлама Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» және «Азаматтық қорғау туралы» Заңдарына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

Осы бағдарлама негізінде компания сауда және ойын-сауық орталықтарымен, қоғамдық тамақтандыру мекемелерімен, спорттық, мәдени және ойын-сауық мекемелерімен, сондай-ақ алаңы 2 000 шаршы метрден асатын вокзалдармен, қонақ үйлермен және медициналық ұйымдармен шарттар жасасады. Аталған бағдарлама бойынша негізгі тәуекел — өрт тәуекелі болып табылады.

Өрт салдарынан үшінші тұлғаларға залал келтірілген жағдайда объект иесі келтірілген залалды өтеуге міндетті болуы мүмкін. Мұндай жағдайда зардап шеккендерге төленетін өтемақыны объект иесінің орнына сақтандыру компаниясы төлейді.

Яғни, сақтандыру полисі объектінің өзін (ғимаратты, үй-жайды және т.с.с.) емес, қызмет нәтижесінде **басқа адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне** залал келтірілген жағдайда компанияның **залалды өтеу** жөніндегі міндеттемесін қорғайды.

Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы **ресми түрде расталған және объект иесі өрт салдарынан туындаған залалды өтеуге міндетті болған кезде ғана** төленеді. Мұндай міндет сот шешімімен немесе барлық қажетті құжаттар ұсынылған жағдайда сақтандыру компаниясының өтемақы төлеуге келісімімен расталуы мүмкін.

Егер мекеме иесіне залалды өтеу туралы талап қойылған болса, ол мұндай талап жайында сақтандыру компаниясына 10 жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Сондай-ақ объект иесі оқиғаның мән-жайларын анықтау үшін сақтандырушыға жәрдем көрсетуі: қажетті құжаттарды, түсіндірмелерді және өзге де ақпараттарды ұсынуы қажет.

Сақтандыру өтемінің сомасы объект иесі мен сақтандыру компаниясының арасында келісіледі, алайда ол сома заңнамада белгіленген ең төменгі мөлшерден — 75 000 АЕК-тен төмен болмауға тиіс.

Сақтандыру жарнасы бір рет төленеді және ғимараттың түрі мен оның жалпы алаңына байланысты белгіленетін тариф бойынша есептеледі.

Сақтандыру жағдайы кезінде қандай сомаларды алуға болатыны бағдарламада алдын-ала жазылған.

Барлық төлемдер төлем жасайтын күні қолданыста болған мөлшер бойынша АЕК-пен есептеледі.

Егер **бір адам** зардап шеккен болса, келесідей өтемақылар қарастырылған:

- **Қаза болған кезде** — кемінде **5 000 АЕК**;
- **мүгедектік белгіленген кезде:**
 - I топ — **4 000 АЕК**,
 - II топ — **3 000 АЕК**,
 - III топ — **1 500 АЕК**;
- **мүгедек-бала үшін** — **3 000 АЕК**;

- **мүгедектік белгіленбей, денсаулыққа зиян келген кезде — емделуге жұмсалған нақты шығыстарды, бірақ 750 АЕК-тен аспайтын мөлшерде өтеу.**

Бұл дегеніміз, егер оқыс оқиға болған жағдайда адам немесе оның отбасы болашақта **қандай қолдау күтуге болатынын** алдын ала түсінеді.

Егер оқыс оқиға нәтижесінде мүлікке зиян келсе, сақтандыру компаниясы нақты шығындар шегінде, бірақ бір зардап шеккен адамға 1 500 АЕК-тен аспайтын мөлшерде өтемақы төлейді.

Егер **бірнеше адамның** мүлкі зақымданған болса, аталған лимит **олардың әрқайсысы бойынша** сақталады, алайда мүлік бойынша жалпы төлем сомасы **10 000 АЕК-пен** шектеледі.

Егер залал сомасы аталған шектен асып кететін болса, сақтандыру төлемдері зардап шеккендер арасында, **олардың шығындарына бара-бар** бөлінеді — осылайша барлықтары өтемақы алады.

Сақтандыру компаниясы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде өтемақы төлеуге өзіне міндеттеме алады.

Келісімшарттың талаптарын тараптардың өзара келісімімен ғана өзгертуге болады және мұндай өзгерістер міндетті түрде бөлек қосымша келісіммен рәсімделеді.

Қауіпсіздікті кейінге қалдырмаңыз, адамдар жаппай келетін объектілер иелерінің жауапкершілігін сақтандыруды бүгін таңдаңыз.

Қауіпсіздікті алдын ала қамтамасыз етіңіз және адамдарды, өз беделіңізді, сонымен қатар бизнесіңіздің болашағын қорғаңыз.

Бизнес саласында екі санаттағы адамдар болады: бірі — жауапкершілікті сақтандырғандар, екіншісі — бір күні: «Сақтандыру рәсімдеу керек еді» - дейтіндер.

Егер қосымша сұрақтарыңыз болса немесе сақтандыру рәсімдегіңіз келсе, «Виктория» СК» АҚ-ға телефон соғыңыздар. Біздің деректеріміз: +7 (727) 279-55-80, www.vic.kz. Сақтандыру нарығындағы тәжірибеміз - 32 жылдан астам.